



Қауіпсіздік пен
тыныштықтың
кепілдігі

3



ТЕМІР
ТҮЛПАР
ТАБЫСТАЛДЫ

8

ЖЫЛУЛЫҚ
ПЕН СҰЛУЛЫҚ
СЫЙЛАҒАН КЕШ



12



ОТАН
Часовой Родины

SAQSHYSY

№ 48 (6133) 30 қараша 2024 жыл

QR UQK SHEKARA QYZMETINIŇ APTALYQ GAZETI



Шекара қызметі заманауи техникамен жабдықталды



2024 жылғы 26 қарашада «ҚР ҰҚК ШҚ» РММ қару-жарақ басқармасы ұйымдастырған маңызды іс-шара аясында Шекара қызметінің ұтқырлығы мен тиімділігін арттыру үшін 13 бірлік «BRP Expedition» қарда жүретін көліктер бағынышты аумақтық департамент жүргізушілеріне салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті.


Іс-шара ҰҚК Шекара қызметі Директорының бірінші орынбасары - Бас штаб бастығы полковник Бауыржан Абсаматовтың жетекшілігімен, сондай-ақ директордың орынбасарлары полковник Серік Рахимов пен Даулет Дюсембековтың қатысуымен өтті. Шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы генерал-майор Мұхтар Сабидолданов қызметтік міндеттерді тиімді орындау үшін шекара қызметінің материалдық-техникалық базасын дамытудың маңыздылығына тоқталды. Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің аға технигі аға сержант Е.Вашченко өз сөзінде Шекара қызметі басшылығына алғысын білдірді. Салтанатты рәсім барысында жаңа көліктердің кілттері Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне 8 бірлік, Абай облысы бойынша департаментіне 3 бірлік, Ақтөбе облысы бойынша департаментіне 2 бірлік табысталды. Жоспар бойынша қалған 2 бірлік Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне және екеуі Павлодар облысы бойынша департаментіне жіберіледі.

(Жалғасы 2-бетте).



«КҮЗ-2024»

шақырылым сарбаздарының ант қабылдау рәсімінің
«EGEMEN Qazaqstan» газетінде жарияланған мақаласы



Қордай ауданындағы шекара қызметіне әскер қатарына шақырылған сарбаздардың ант қабылдау рәсімі өтті. Күзгі шақырылым аясында Отан алдындағы қасиетті борышын өтеуге келген сарбаздар салтанатты түрде ант берді, деп хабарлайды Egemen.kz тілшісі.



Табиғат
МҰСЫЛМАНҚҰЛ

Сарбаздар үшін аса маңызды іс-шараға олардың туыстары мен достары, әскери бөлім командирлері қатысты. Осылайша, олар жас ұландарға қолдау көрсетті.

Кезекті шақырылым сарбаздары ел шекарасының күзетін қамтамасыз ететін Қордай шекара басқармасының қатарына қосылды. Қазақстанның оңтүстік бөлігінде орналасқан бұл аймақ шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие. Шекара қызметі әрбір жас сарбазға зор міндет жүктеп, оған үлкен жауапкершілік артады. Ант беру рәсімі осы міндеттің символдық бастауы іспетті. Бұл күні сарбаздар Отан алдындағы жауапкершілігін терең сезініп, тәуелсіздік пен бейбітшілікті сақтау жолындағы қызметке шын жүректен дайын екендіктерін жеткізді.

Жас жауынгерлер ант қабылдағаннан кейін бірден әскери дайындық бағдарламасына қосылды. Әскери бөлімде олар тактикалық және физикалық даярлықтан өтіп, шекара күзету ісінің қыр-сырын меңгеруге кіріседі. Әскери өмірдің әрбір сәті шыдамдылық пен шыңдалуды талап етеді.

Сарбаздар шекараны қорғау ісіне қажетті дағдыларды меңгеріп, әрдайым қырағылықты сақтауды үйренеді. Олардың әрқайсысы – еліміздің тыныштығы мен тәуелсіздігін қорғауға арналған маңызды тетіктің бір бөлшегі.

Жамбыл облысының Қордай ауданында өткен ант қабылдау рәсімінде жалпы саны 321 сарбаз әскери ант берді. Күзгі шақырылым аясында Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында өздерінің алғашқы қадамдарын жасаған олардың жүзінен шаттықтың табы есіп тұрды.

Ант қабылдау рәсіміне Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің бастығы, полковник Ғани Бекмурзаев арнайы қатысып, жас сарбаздарға сәттілік тіледі. Ол өз сөзінде әскер қатарына қосылған жауынгерлердің еліміздің шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды рөлін атап өтіп, олардың Отан алдындағы қасиетті борышын абыроймен өтеулеріне сенім білдірді.

Шекара қызметі заманауи техникамен жабдықталды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Техниканың Шекара қызметінде пайдаланылмағанын ескере отырып алдын-ала екі күндік оқу-жаттығу жиындары өткізілді. Оның барысында жүргізушілер құрамы «BRP Expedition» қарда жүретін көліктерді пайдалану және техникалық қызмет көрсету ерекшеліктерін зерделеді. «BRP Expedition» 900 қарда жүретін көліктердің әсерлі өнімділік сипаттамалары бар, бұл оларды экстремалды климаттық жағдайларда жұмыс тапсырмаларын орындау үшін өте қолайлы етеді. Қарда жүретін көліктер мобильді шекаралық топтардың құрамында жұмыс істеуге, сондай-ақ қарапайым көліктер қозғала алмайтын қалың қар жағдайында материалдық құндылықтарды тасымалдауға арналған.



жеткізіп әзірлеу, сондай-ақ мемлекеттік шекараның ең шалғай және күрделі учаскелері бойынша жабдықты тарауды жоспарлауды қамтыды. Қарда жүретін көліктер шекараны заңсыз кесіп өту әрекеттерді, контрабанданы анықтап жолын кесу мүмкіндігін айтарлықтай жақсартуда. Сонымен қатар құтқару жұмыстарына, шалғай аймақтарға қажетті материалдарды жеткізу үшін де пайдалануға болады. Айта кетерлігі, мұндай кәсіби қарда жүретін көліктер тек Шекара қызметінде ғана жабдықталған. «BRP Expedition» қарда жүретін көліктерді пайдалану мемлекет шекарасын қорғау тиімділігін айтарлықтай арттыра алатын заманауи техникамен қамтамасыз етудегі маңызды қадам болып табылады.



Сонымен қатар, оларды құтқару және науқастарды эвакуациялау үшін де пайдалануға болады. Қарда жүретін көліктердің негізгі техникалық параметрлеріне қуаты 95 а.к. және көлемі 899 текше метр болатын төрт тактілі үш цилиндрлі қозғалтқыш және 42 литрлік жанармай бағы бар, бұл бір толтыруда 400 км-ге дейін жүруге мүмкіндік береді. Жолдың ені 600 мм, бұл жұмсақ

және бос қарда тамаша маневрлікті қамтамасыз етеді. Бұл сыныптағы қарда жүретін көліктер 0°-тан -50°С-қа дейінгі температура диапазонында жұмыс істей алады, бұл оларды Қазақстанның қақаған қысында мемлекеттік шекараны қорғау бойынша тапсырмаларды тиімді орындауға мүмкіндік береді. «BRP Expedition» қарда жүретін көліктерді алу Шекара қызметінің қару-жа-

рақ басқармасының атқарған орасан зор жұмысының нәтижесі екенін атап өтейік. Шекара қызметінің қажеттіліктерін зерттеу және жабдықтауды үйлестіру айтарлықтай күш-жігерді қажет етті.

Өткізілген жұмыс тек жабдықты сатып алуды ғана емес, сонымен қатар әскери қызметшілерге қолдану және техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулықтарды



Майор Ж. КЕМЕЛ,
«OS-ЧР». Суреттерді
түсірген
капитан Ө. АЙТӘЛІ.

САПАР

Елші шекара шебінде



Шекара шебіне келген Елшілер тобы осы сапар барысында Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының «Жібек жолы», «Қазығұрт» және «Қапланбек» шекаралық бақылау бөлімдерінің күнделікті қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеті мен онда қызмет атқаратын

Өткен аптада ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің аумағына Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Бейбіт Атамқұлов бастаған елшілер тобы жұмыс сапарымен келді. Бұл қызметтік іссапарға ҰҚК Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Мадияр Жумадилов та қатысты. Елшілер ҰҚК Шекара қызметінде қолданысқа қабылданып жатқан заманауи техникалық құрылғылармен танысты.

лауазымды тұлғалардың қызметімен танысты.

Департамент бастығы полковник Мадияр Жумадилов «Жібек жолы» шекаралық бақылау бөлімінің күнделікті қызметі әрі қызмет үдерісін жақсарту бағытындағы атқарылып жатқан көлемді жұмыстармен таныстырды. Мадияр Бекдаирұлы елші Бейбіт Бәкірұлына «Жібек жолы» шекаралық бақылау бөлімінде іске қосуға жоспарланған «Q-gate» автоматтандырылған құжат тексеру құрылғысының жұмыс істеу тәртібі туралы баяндады. Өз кезегінде елші аталған заманауи құрылғыны алғашқылардың бірі болып сынақтан өткізді. «Q-gate» автоматтандырылған құжат тексеру құрылғысы мемлекеттік шекара арқылы

өтетін туристердің уақытын үнемдеу, ұзын-сонар кезекті болдырмау мақсатында қолға алынып жатқан заманауи үрдістердің бірі.

Жұмыс сапары соңында Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Бейбіт Атамқұлов облыс аумағындағы «Қапланбек» «Қазығұрт» және «Жетісай» шекаралық бақылау бөлімдеріндегі жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарымен танысып, шекарашылардың жұмысын оң бағалады.

Майор Р. НҮРМЕТ. «OS-ЧР».
Сурет аудандық шекара басқармасынан.


Қауіпсіздік пен тыныштықтың кепілдігі



- Полковник мырза, қайырлы күн! Асхат Болатович, өткен он бір айдың қорытындысына сәйкес Сіз басқарып отырған департаменттің жеке құрамы үшін несімен есте қалды? Қандай жоғары нәтижелерге қол жеткізе алдыңыздар?

- Департамент аумағында мемлекеттік шекараны сенімді күзету мен қазіргі заманғы қатерлер мен сындарына қарсы тұру үшін жағдайлар жасалған. Құрылымдық бөлімшелердің таулы бағыттарында шекаралық бекеттерді қою мен барлау-іздістелу әрекеттері сапалы ұйымдастырылуда. Жоспарланған шекара белгілерін орнату бойынша далалық жұмыстар жалғасуда.

Шекара кеңістігіндегі бекітілген режимдерді қадағалауда шекаралық операцияларға қатысты. Мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз ету бойынша шалғайдағы таулы бағыттарды сенімді күзету мақсатында «Шекаралық бекет» шекара наряды қойылып, «Барлау іздістелу» шекара наряды



тары қызметтерін ұйымдастырды. Шекарадағы далалық жұмыстар жоспарына сәйкес, Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бағыты бойынша олардың қызметтерінің арқасында 1 дана темір бақылау мұнарасы, 10 шақырым тордан дәнекерленіп жасалған қоршау, 17 шақырым тікенек сым темірден қоршау, 1 дана жылыту пункті және Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының «Тасты» шекара бөлімшесінің аумағында КС-185 дабыл кешенінің орнына ГОБИ- 212 дабыл кешені орнатылды. Шекара өкілеттіліктерінің кездесулері де жұмыстарын жалғастыруда. Екі ел арасында мемлекеттік шекара сызығын, шекара белгілерінің жағдайын бірлесіп тексеру және шекараны бірлесіп күзету іс-шаралары жүргізіліп жатыр.

Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде шекара басқармалары мен бөлім, бөлімшелері мемлекеттік шекараны күшейтілген режимде күзетуге бірнеше рет көшіріліп, қырағылық танытты.

Шекара белдеуіне кіруге мың бес жүзге жуық өтініш келіп түсті. Оның қатарында жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да бар. Өтініштердің бәрі уақытылы қарастырылып, өтінім рәсімделді. Құжаттарының дұрыс болмауына байланысты өтінімге рұқсат берілмей, кері қайтарылғандар да болды. Мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз ету іс-шараларының қорытындысы бойынша жиырма бір мемлекеттік шекара режимін бұзушы ұсталды.

Қазақстан Республикасының солтүстік шығысындағы шекарасында орналасқан Абай елінің жасыл күнқағарлары, көрші елмен арадағы шекараны көздерінің қарашығындай күзетуге 2022 жылдан кірісіп кеткен. Арада ұзақ уақыт өтпесе де, осы аралықта ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің осы аралықтағы атқарған жұмыстары ауқымды. Шекара сақшыларының даңқты жауынгерлік жолы әр уақытта ұрпақтар сабақтастығымен өзінің айшықты көріністерін табуда. Әрдайым шекарашылар аға буын ұрпақтың қалыптасқан дәстүрлерін сақтап, елі мен жерін сыртқы дұшпандардан қорғады. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің бастығы полковник Асхат Ахметовпен сұхбаттасудың реті түскен еді.



Шекаралық режимді қамтамасыз ету бойынша сұрақтар да оңынан шешілуде. Аталған сұрақтар бойынша облыстық аудандық үйлестіру кеңесінің отырыстары ұйымдастырылды. Шекаралық режимді қадағалау мақсатында «Бақылау бекеті» шекара нарядтары қойылды. Үш жүзге тарта жергілікті тұрғындармен жиындар өткізілді. Жергілікті тұрғындарды тексеру бойынша рейдтік іс-шаралар да уақытылы өткізілуде. Шекаралық режимді қамтамасыз ету нәтижесінде жүзге тарта шекара режимін бұзушылар ұсталды.

Шекара шебіндегі қызметтің сапасын арттыру мақсатында шекара бөлімі мен бөлімшелерінде жауынгерлік қызметтің іс-әрекет жағдайын тексеру бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асып тұрады. Нәтижесі өте жақсы. Аға шекара нарядтары мен жиындар кезінде қызметті қырағы ұйымдастыру жөнінде нұсқамалар өткізіледі.

- Сіздің ойыңызша, шекарашылардың материалдық жағдайына мемлекеттен тиісті деңгейде көңіл бөлініп отыр деп айтуға толық негіз бар ма?

- Үкімет деңгейінде жасалып жатқан материалдық жағдайға жеке құрамның көңілі толады. Бұл сұраққа менің алып-қосарым жоқ, Абай облысы бойынша департаменті жеке құрамының ішінен биылғы жылы 14 әскери қызметші тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында біржолғы тұрғын үй төлемдерін алды, оның жалпы сомасы 181 мил-



ры келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырылды. Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің запасындағы 16 офицері әскери қызметке шақырылды. Бірінші деңгейлі департамент үшін бұл өте жоғары көрсеткіш. Бұл бағыт бойынша біздер облыс, қала деңгейіндегі телеарналар арқылы түрлі репортаждар, плакаттар, бейнесюжеттер, билбордтар таратудамыз. Одан бөлек қала және облыс көлеміндегі жұмыспен қамту орталықтарымен тығыз байланыстамыз. Біздің облыс халқының әскери қызметке деген ынтасы зор. Әлі жылдың аяқталуына бір айдай ғана уақыт қалса да, кадрлар бөлімі сержанттық, офицерлік лауазымдарды толықтыру, кадр тарту жұмыстарын жалғастыра береді. Бұл күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі.

- Асхат Болатович, департамент аумағында орналасқан шекаралық бақылау бөлімдерінің жауынгерлік қызметтегі нәтижелері туралы айтып өтсеңіз?

- Дұрыс айтасыз, Департаменттің шекаралық бақылау басқармасы және оған қарасты шекара басқармаларындағы шекаралық бақылау бөлімі мен бөлімшелерінде мамандардың кәсіби сапасының жоғары болуының арқасында бөтен құжатты, есірткі заттарды және ілеспе құжаттары жоқ тауарлар мен валюталарды шекарадан алып өткісі келгендер мен екі азаматтығы бар тұлғалар анықталды.

Мемлекеттік шекарадан 695918 адам және 252578 көлік өткізілген;

- Шекара кеңістігінде құқық бұзушылар - 2 дерек;

- Өткізу пунктінде тәртіп бұзушылар 24 дерек;

- Есірткі заттарды тасымалдаудың 13 әрекеті, қару-жарақ пен оқ-дәрілерді тасудың 15 әрекеті алдын алынды.

- Жедел тапсырма 391орындалды.

- Валютаны әкетуге әрекеттенген 12 фактінің алды алынды;

- Қазақстан Республикасының азаматтылық туралы заң бұзудың 11 фактісі, сондай-ақ көші-қон заңнамасы саласындағы заң бұзушылықтың 149 фактісі.

- Тыйым салынған жүктер мен тауарларды тасымалдауға әрекеттенудің 414 фактісі анықталды.

Әрине, жолаушылардың барлығы бірдей емес. Арасында арам ойларын іске асыруға талпынатындар да болады. Сондай-ақ, өзіне мемлекеттік шекарадан шығуға тыйым салынғанын білмейтіндер де бар. Олардың қатарында, азаматтық сот ісін жүргізу бойынша шығуға тыйым салынғандар, елімізге кіруге тыйым салынғандар, Қазақстан Республикасынан шығуға тыйым салынғандар, халықаралық іздеудегі тұлғалардың тізімінде тұрғандар, құжаттары жоғалған (ұрланған) тізімінде тұрған тұлғалар да анықталды. Барлық адамға қатысты тиісті шаралар қолданылды.

Әңгіме соңында департамент басшысы Асхат Болатович өзінің болашақ жоспарларымен бөлісті. Сөз арасында Шығыс сардары Семей қаласында Департаменттің жаңадан тұрғызылатын ғимараттың эскизы дайындалғанын және жақын арада салынатынын да атап өтті.

Бір айта кетерлігі, Абай облысы бойынша департаментінің барлық әскери қызметшілері өз ісіне шын берілген Отанымыздың берік қалқандары. Шекара шебін берік күзетуде барлық жеке құрамның үлесі бар. Әр шекара сақшысы мұны жақсы түсінеді және шекараны күзетуде септігін тигізуге бар күштерін салуда.

Ең бастысы, Абай облысы бойынша департаментінің жасыл күнқағарлары үшін мемлекеттік шекараны күзету – Отан алдындағы абыройлы міндет!

- Полковник мырза, сұхбатыңызға рахмет!



Лейтенант
Е. КАЙРТАЙ,
«ОС-ЧР».
Суреттерді
түсірген автор.



Заманауи ғарыш айлағы

Шекаралар мемлекеттік тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарады. Олар тек географиялық сызықтар ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды реттейтін құқықтық механизмдер болып табылады. Сонымен қатар, шекаралардың халықаралық қатынастардағы маңызын атап өткен дұрыс, олар мемлекеттердің бір-бірімен өзара әрекеттесуін, сауда-саттықты, көші-қонды және қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Мемлекеттік шекаралар мемлекеттер арасындағы келісімдер мен даулардың объектісі бола алады, бұл өз кезегінде халықаралық құқықтың дамуында маңызды рөл атқарады.

Жоғарыда жазылған кіріспені аңғарсақ мемлекетіміздің шекарасындағы қызмет туралы мән беріліп жазылған. Иә, қызмет барысында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің жолағында орналасқан «Байқоңыр» шекаралық бақылау бөлімшесіне жолым түсті. Әлемге әйгілі ғарыш меніне туыстарымның шақыруы бойынша барып көретін мен, бұл жолы ерекше сезімде болдым. Әлемдегі ең ірі және тарихи ғарыш айлағы, Қазақстанның Қызылорда облысында орналасқан. Бұл орын тек ғарыштық зерттеулердің орталығы ғана емес, сонымен қатар еліміздің мәдениеті мен тарихының маңызды бөлігі. Байқоңырдың маңызы мен ерекшеліктері туралы айтқанда, оның шекаралық бақылау бөлімшесінің рөлін атап өтпеу мүмкін емес.

Тарихқа жүгінсек, Байқоңыр 1955 жылы Кеңес Одағының үкіметі тарапынан құрылды. Содан бері онда көптеген ғарыш миссиялары жүзеге асырылды, оның ішінде Юрий Гагариннің

1961 жылы алғаш рет адамзат тарихында ғарышқа ұшуы. Бұл оқиға әлемдік деңгейде үлкен резонанс тудырып, Байқоңырды ғарыштық зерттеулердің символына айналдырды. 1994 жылдан бастап екі ел арасындағы ортақ өзара тиісті келісімдерге қол жеткізудің арқасында кешен Ресей Федерациясы қарамағына 2050 жылға дейін жалға берілді.

Шекаралық бақылау бөлімшесіне келер болсақ, 2012 жылдың 16 қарашасынан бастап «Байқоңыр» кешенінде Шекара қызметі шекаралық бақылауды ұйымдастыру тәртібі Ережелерінің негізінде «Краийний» және «Юбилейный» аэродромдары аумағында «Байқоңыр» шекаралық бақылау бөлімшесімен өткізу іс-шаралары жүзеге асырылуда. Бірақ белгілі бір себептермен «Юбилейный» аэродромы өз қызметін тоқтатқан. Өткізу пунктінде шекара қызметінің өкілділігі ғарыш кешеніне келуші РФ әскери қызметкерлері, азаматтық тұлғалар, жергілікті тұрғындар мен басқа да азаматтардың құжаттарын тексеру, көлік



құралдары, жүктер мен басқа мүліктерді тексеру, ҚР-на келуге тыйым салынған тұлғаларды өткізбеу бойынша жұмыстар жүргізеді.

«Байқоңырдың стратегиялық орналасуы оны шекаралық бақылау тұрғысынан ерекше маңызды етеді. Шекаралық бақылау бөлімшесі мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңсыз көші-қонды болдырмау және ұлттық мүдделерді қорғау үшін жұмыс істейді. Бұл бөлімше қызметкерлері жоғары кәсібилікпен

және жауапкершілікпен жұмыс істейді, олардың міндеттері тек шекараны қорғаумен шектелмейді. Олар ғарыш айлағының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де жауапты» – дейді шекараны бақылау бөлімшесінің бастығы майор Б.Джундыбаев.

Қорыта айтқанда, Байқоңыр – тек ғарыш айлағы емес, сонымен қатар тарихымыз бен мәдениетіміздің бір бөлігі. Шекаралық бақылау бөлімшесінің жұмысы осы аймақтың қауіпсіздігі мен дамуына зор үлес қосады. Бұл

жерге барған әрбір адам үшін Байқоңырдың тарихы мен маңызы ерекше әсер қалдырады. Ғарыштың қақпасы ретінде ол болашақ ұрпақтарға жаңа мүмкіндіктер мен жетістіктердің негізін қалауда маңызды рөл атқарады.



Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«ОС-ЧР».
Суреттерді
түсірген автор.

Темір жолдағы шекара қалқаны

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаменті
Меркі ауданы бойынша шекара басқармасының Меркі
(теміржол) бақылау өткізу пунктінің қызметтік жауынгерлік
іс-әрекеті жыл басынан бері жоғары деңгейде.

Шекаралық бақылау бөлімшесі – бұл тек тауарлар мен адамдардың мемлекеттік шекара арқылы өтуін бақылау ғана емес, сонымен қатар мемлекет қауіпсіздігі мен экономикалық басымдықтар тоғысатын стратегиялық нысан. 2024 жылы осы өткізу пункті өз міндеттерін орындауда ерекше тиімділікті көрсетті, бұл оның басшысының кәсібилігі мен өз ісіне адалдығының арқасында мүмкін болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар айында өткізу пункті миллион теңгеден астам сомдағы темекі бұйымдарының контрабандасын болдырмады. Бұл нәтиже майор Санат Спандияровтың басшылығымен жұмыс істейтін қызметкерлердің жоғары кәсіби дайындығын көрсетеді. Оның дұрыс басқаруы, бақылау жүйесін орнатуы және негізгі іс-шараларға жеке қатысуы арқасында шекара арқылы тауарларды заңсыз тасымалдау әрекеттерінің алдын алуға мүмкіндік туды. Мемлекеттік шекараны өз мүддесіне пайдалануға тырысатын қылмыстық топтардың белсенділігі артып



келе жатқан жағдайда мұндай жетістіктер ерекше маңызға ие.

Алайда, шекаралық бақылау бөлімшесінің жетістіктері тек контрабандамен күресумен шектелмейді. Ең басты жетістіктердің бірі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғаудың жалпы тиімділігі бойынша көрсеткіштері болып саналады, ал олар көп болмаса аз емес. Өткізу пункті жоғары нәтижелер көрсетті. Бұл оның мемлекеттік мүдделерді қорғауда және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды рөлін растайды. Қазіргі заманның күрделі жағдайында қауіптер сырттан да, іштен де туындауы мүмкін кезде, шекара қауіпсіздігінің тиімділігі маңызды міндетке айналып отыр, оны аталған ұжым жоғары деңгейде орындайды.

Қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, өткізу пункті одан әрі жетілдірілуде. Жаңа технологияларды енгізу, бақы-



лау жүйесін жақсарту, қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру – мұның бәрі басшылық қойған міндеттер. Алдағы жетістіктер қол жеткізілген жұмыс деңгейін сақтауға және жаңа қиындықтарға жедел жауап беруге дайын болуға байланысты болады.

Қорытындылай келе, өткізу пунктінің қызметі – дұрыс басқару және ұжымның жоғары мотивациясы мемлекеттік шекараны қорғау және елдің экономикалық мүдделерін қорғау ісінде елеулі табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретінінің айқын мысалы.



Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН.
«ОС-ЧР». Суреттер
шекаралық бақылау
бөлімшесінен.



Memlekettik shekarany senimdi kúzetý – Qazaqstannıń ulttıq qaýıpsızdıǵın qamtamasız etýdiń negizi
Надежная охрана Государственной границы – основа обеспечения национальной безопасности Казахстана

Шекара шебі берік қолда



Күн ұясына қызара батып бара жатқан шақ. Шекараға жақын жерде жүрген адам қаннен-қаперсіз шаруасымен айналысып жүр. Бір қолына ұстаған ұзын сабау қамшысына қарағанда мал іздеп шыққанға ұқсайды. Айналаны алыстан шолып келеді. Қыр басына шығып, құмды далаға көзін қадайды.

Жақын маңда мемлекеттік шекара сызығының өтіп жатқанынан хабары бар жанның ойына ештеңе кіріп шығар емес. Шекара шебінің тәртібін бұзбағанына өзі сенімді болса керек. Басты мақсаты жоғалған төрт түлігін табу. Осы кезде шекарашылардың ерікті жасағының бірінен шекара шебінің тәртібін бұзған бір адамның жүргені туралы ақпарат бөлімшеге түскен еді.

Түскен ақпараттың дұрыс-бұрыстығына көз жеткізбей тоқтамайтын әскери ұжымның бастығы жеке құрамды «Жиын» пәрменімен көтерді. Араға көп уақыт өтпестен әскери көлікке мінген бір топ сайыпқыран шекараға аттанған да болатын. Соңынан шаңы ілескен УАЗик алға қарай зулап барады. Алған бағыты шекара шебі.

Жоқ іздеген жан өзінің суыт жүрісінің салдарынан шекара бөлімшесінде орын алып жатқан іздеу шарасы туралы ақпараттан бейхабар. Күннің көзі батып, айналаны қараңғылық жайлағанша, жоғалған малын тауып алуды ойлап жүр. Дегенмен, Қазақстан Республикасының Заңдарының талаптарын білмеушілік – оны жауапкер-



шіліктен босатпайтыны бесенеден белгілі. Жақын маңдағы шаруа қожалықтарының бірінен шыққан малшы ту сыртынан шыққан мотор дауысын жақындап қалған кезде ғана байқады. Желдетіп келіп тоқтаған көліктен иықтарында асынған қарулары бар бір топ әскери қызметші

жанына тақап келді. Ішіндегі шекара нарядының жетекшісі оң қолын шекесіне апарып, өзін жарғыға сай таныстырды. Құжаттарын тексеруге беруін өтінді. Жеке бас құжатындағы мәліметтерді бір қарап, суреті мен иесін сәйкестендіру жасады. Артыншы, жоқ іздеген жанның Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасы режимінің тәртібін бұзғанын жеткізді.

Жоғарыда орын алған жағдай ҚР ҰҚК

Нерізі 1967 жылы қаланған шекара заставасының алғашқы атауы – «Смирновка». Қытай Халық Республикасымен екі арадағы мемлекеттік шекараны сенімді күзетіп келе жатқан жасыл күнқағарлылар жергілікті халықтың алғысына бөленіп жүр.

«Іле» шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Ришад Ғалымжанұлы. Алматы қаласындағы Мамандандырылған спорт интернат колледжінің түлегі. ҚР ҰҚК Шекара академиясын 2020 жылы тәмамдаған. Алматы облысы бойынша департаменті Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы «Жамбыл» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары және «Іле», «Көк-су» шекара бөлімшелері бастықтарының орынбасары лауазымдарынан өткен. Еркін күрестен қалалық, облыстық жарыстардың жеңімпазы.

Аға лейтенант Ришад Ғалымжанұлы:

– «Іле» шекара бөлімшесі елді мекендерден шалғайда орналасқан әскери ұжымдардың бірі. Ең жақын Шолақай ауылдық округі шамамен жүз шақырым жерде орналасқан. Жақын маңайда бес-алты малшылардың қыстақтары ғана бар. Жергілікті әкімшілікпен ұйымдастырылған түсіндіру жұмыстарының арқасында тұрғындар шекарада жүру тәртібін жақсы біледі. Шекара бұзушылар мүлдем жоқ. Дегенмен, арасында білместіктің салдарынан шекаралық аймақтағы шекара режимінің талаптарын бұзатындардың қатары кездесіп тұрады. Мысалы, шекара режимін 2022 жылы бес азамат бұзса, өткен жылы – сегіз азамат анықталды. Биылғы жылы төрт отандасымыз тәртіптік жауапкершілікке тартылып отыр.

Жеке құраммен жағымсыз қылықтардың алдын алуға бағытталған кешенді шараларды ұйымдастыру бір ізге қойылған. Кәсіби және мемлекеттік құқықтық дайындық сабақтарында алған білімдері сынақ тапсырумен бекітіліп тұрады. Әскери қызметшілер салауатты өмір салтын қолдайды. Дене шынықтырумен шұғылданду бір жүйеге қойылған, – дейді.



Майор М. ҚАРЕКЕНОВ,
«ОС-ЧР».
Суреттер шекара бөлімшесінен.

«АҚСУАТ» – ШЕКАРАНЫҢ МЫЗҒЫМАС ҚОРҒАНЫ



Жамбыл облысына қарасты Бәйтерек ауылында орналасқан «Ақсуат» шекара бөлімшесі – Қазақстанның оңтүстігіндегі шекара қауіпсіздігін нығайтуда ерекше мәнге ие. Елдің қорғаныс жүйесінде маңызды орын алатын бұл нысан шекара тыныштығын қамтамасыз етудегі негізгі тіректердің бірі.

жетістіктер шекара бөлімшесі бастығы капитан Қайрбеков Самат Бақытжанұлының басшылығымен жүзеге асқан табысты жұмыстың айқын дәлелі.

Шекара басқарма бастығы подполковник Бекислам Абуов атап өткендей, шекарашылардың басты міндеті – мемлекеттік шекараны кез келген заңсыз әрекеттерден қорғау. «Біздің сарбаздар әрқашан қырағылық танытып, шекараның әрбір метрін күзетеді. Олар күндіз-түні қызметте болып, ел шебін күзетудегі адалдығын дәлелдеп келеді», – дейді ол.

«Ақсуат» шекара заставасы заманауи құрал-жабдықтармен толықтай қамтамасыз етілген. Мұнда шекара бақылауына арналған техника мен байланыс жүйелері тиімді қолданылуда. Сонымен қатар, сарбаздардың кәсіби

дайындығы үнемі жетілдіріліп, оқу-жаттығу шаралары арқылы олардың кез келген жағдайға дайын болуына аса назар аударылады. Бөлімше тек шекара қауіпсіздігінің кепілі ғана емес, сонымен қатар патриотизмнің, ұлттық бірліктің және жауапкершіліктің жарқын үлгісі болып табылады. Бәйтерек ауылының тұрғындары үшін бұл нысан – ел тәуелсіздігінің тірегі мен бейбіт өмірдің кепілі.

Шекара бөлімшесі – мемлекеттік шекараның мызғымас қорғаны және ел тыныштығын сақтаудағы берік қамал. Мұнда қызмет атқаратын әрбір сарбаздың еңбегі мен ерлігі – Қазақстанның қауіпсіз болашағына қосылған зор үлес.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,
«ОС-ЧР». **Сурет бөлімшеден.**

Мырзакент – үздіктердің бөлімшесі

Мемлекеттік шекара – мемлекеттің маңызды атрибуты, кез келген елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алғашқы шегі, мызғымас тірегі және Тәуелсіздігіміздің кепілі болып саналады. Сондықтан да Отанымыздың шекарасын сенімді күзету және қорғау ел қауіпсіздігін сақтаудағы алатын орны ерекше.

Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасының «Мырзакент» шекара бөлімшесі үздік шекара бөлімшелерінің бірі. Ол Түркістан облысы Мақтаарал ауданының орталығы Мырзакент кентінде орналасқан. «Мырзакент» шекара бөлімшесі 2009 жылдың 10-қазанында ашылды. Шекара бөлімшесі ашылған сәттен бастап оның бірінші бастығы болып аға лейтенант Тимур Медетов басқарған болатын. Шекара бөлімшесі өзіне бекітілген аумағын берік күзетуде.

Қазіргі таңда «Мырзакент» шекара бөлімшесін капитан Владимир Шестаков басқарып отыр. «Мырзакент» шекара бөлімшесі өзінің жауапты Өзбекстан Республикасымен арадағы мемлекеттік шекара учаскесін өте қырағы күзетеді. Оны осы 2024 жылдың нәтижесі арқылы байқауға болады. Шекара бөлімшесі осы жылы 20-ға жуық мемлекеттік шекара режимін бұзған Өзбекстан, Тәжікстан елдерінің азаматтарын ұстады және 150-ге жуық шекара аймағында заңсыз жүрген азаматтардың жауапқа тартылуына негіз болды. Сондай-ақ ағымдағы жылғы қазан айының қорытындысы бойынша шекара режимін бұзушылар және Қазақстан Республикасының көші-қон саласындағы заңнамасын бұзған 56-ға жуық азаматты анықтап Түркістан облысы бойынша де-



партаменті бойынша құқық бұзушыларды тіркеу негізіндегі 3-орынды иеленді.

«Мырзакент» шекара бөлімшесі жазық жерде орналасуына байланысты мемлекеттік шекара күзетінде қызметтік иттер, 2023 жылы шекара бөлімшесіне берілген «JAC T6» автокөлігі арқылы және жаяу негізде атқарады. Шекара бөлімшесінде 15 жылдан астам тәжірибесі бар үздік көлік жүргізушілердің бірі ефрейтор Есдәулет Естуреев осы жаңа көлікті тізгіндеген



жүргізушілердің бірі. Әскери қызметкер мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауға шығар алдындағы дайындыққа үлкен жауапкершілікпен қарайтын үздік әскерилердің бірі.

Осындай жазы ыссы, қысы суық әрі апталап жел көтерілетін дауылды күндерде сақшыларымыздың қызметі еш тоқтамайды. Мемлекетіміздің шекарашыларға сеніп тапсырған аманатына адал, ел аумағының

тұтастығын қамтамасыз ету үшін тәуліктің қай кезеңінде болмасын дайын екендігін баса айтуға болады.



Майор Р. НҮРМЕТ,
«OS-ЧР».
Суреттер шекара бөлімшесінен.

ЖАЙДАРМАН

ЖАСЫЛКҮНҚАҒАРЛЫ ЖАЙДАРМАНШЫ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕГІ ҚАҒЫТПА

Өткен аптада ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаменті құрамындағы техникалық және кәсіптік даярлау бөлімшесінде «Күз – 2024» шақырылымы сарбаздарының ұйымдастыруымен «Жайдарман» ойындары өтті. Жиналған жұртшылыққа мерекелік көңіл күй сыйлаған шараға жас толықтырылым сарбаздары және оларға жауапты жетекші әскери қызметшілер қатысты. Қызмет пен қажытпаны шебер ұштастыра білген Отан сақшыларына департамент бастығының орынбасары полковник Жұмахан Әбілбеков, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің төрайымы Жанар Төренияқызы, тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімінің аға офицері майор Ақмарал Ержан қазылық етті.

Бұл күні жасылкүнқағарлы жайдарманшылар өзара үш топқа бөлініп, сайыс көркін қыздырды. «Сұрақ», «Билайн» және «Қалқан» атымен сынға түскен олар әзіл-қалжыңның түбін түсірді. Қызмет кеңістігіндегі ой салар оқиғалар, көңілге көктем ұялатар бала бейнелер, тапқырлық пен ширатудан шыққан шымыр ойлар шекарашылар сахнасын ажарландыра түскендей. Ешкімнің көңілін жықпайтын зілі жоқ әзілдер бір мезет езу тартуға мүмкіндік берді.

Шекара шебінде шеру құрған жайдарман ойыны үш сайыстан тұрды. Алғашында сайысқа қатысушылар сәлемдесіп сахна шымылдығын түрді. Өздерінің озық әзілдерімен қазылар алқасының жүрегінен жол тауып, жоғары құрмет-қошеметке бөленді. Сонан екінші бөлім сұрақ-жауапқа жалғасып, жас сарбаздардың тапқырлықтары сыналар сәт те таяды. Оларға сырттан қарасаң, құдды сахнада шындалған әртістер дерсің! Сайдың тасындай іріктелген. Сен тұр, мен атайын дейді жанарлары. Қойылған сұрақтарға



мардымды жауап беруде мертлікпей өткен олар өздерінің көңіл көкжиегі кең екендіктерін аңғартты. Білім мен білігін ортаға салып, әзіл аралас жауаптарымен жоғары ұпайларға қол созды. Сайысты «көрініс» кезеңі қоры-

тындылады. Тұтас бір оқиға желісімен қойылған көрініс сарбаздың бір күндік өмірінен алынған. Әр эпизоды қадірменді көрермен үшін етене таныс. Тіпті сахнадан өз бейнесін көрген әскери қызметшілер де табылды. Олар жайдарманшы сарбаздарға кәсібиліктері үшін бас бармақпен баға беруді де ұмытпады. Себебі көрініске көрік беру үшін де жан-жақты дайындықтың және кәсіби шеберліктің қажет екендігі айдан анық.

– Сарбаз өміріндегі қай кезең болмасын қайтып келмейді. Сондықтан да оны қалай өткізу, пайдалы не пайдасыз өткізу әр сарбаздың өздеріне байланысты. Бүгінгі бәсекені қызыққа толтырған қырағылар кеше ғана салтанатты түрде әскери ант қабылдаған. Әскери өмірдің табалдырығын енді ғана аттаған шекараның жас сақшылары жыл он екі ай ел шебінің ыстығы мен суығына шомылатын болады. Осындай мәртебелі мінберде жүргенін олар мақтаныш санауы тиіс. Ал департамент қабырғасындағы «Жайдарман» ойындарына келсек, бұл жыл сайынғы дәстүрге айналған жоба. Мұндай көңілге көктем сыйлайтын жобалар мерзімді әскери қызметшілердің әскердегі уақытын тиімді пайдалануда таптырмас жолдас деп сеніммен айта аламыз, – деді майор Ақмарал Ержанқызы.

Сайысты қорытындыласақ. Үш кезеңнің нәтижесінде «Қалқан» жайдарман тобы алдына қара салмай, оқ бойы озық шықты. Ал «Билайн» жайдарман тобы екінші орынға тұрақтаса, үздік үштікті «Сұрақ» жайдарман тобы қорытындылады. Шара соңында сарбаздар арасынан үздік ойыншы анықталып, жеңіс тұғырынан көрінген командалар арнайы кубок және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



Капитан Б. ҚОЖАНТАЙ,
«OS-ЧР».
Сурет департаменттен.

Әскер қатарында мобилографтар жүр

Жаңа ғасырда дүниеге келген тренд - мобилография. Бұл салаға деген сұраныс әсіресе, жас буын арасында айтарлықтай жоғары. Бұрын адамдар фотоаппарат көмегіне жүгінсе, бүгінде телефон арқылы әр сәтті өздері таспалай береді.

Екіншіке орай, бір жыл әскерге баруды босқа уақыт өткізгенмен тең деп есептейтін жастардың қатары аз емес. Дегенмен миллиондап айлық табыс табатын смартфон арқылы креативті контент жасайтындардың қатарында әскерге өз еркімен баратындар да бар. Мұндай патриоттарды көрген кезде қуанып қаласың. Отан алдындағы қасиетті парыздарын өтеуге деген құлшыныстарына риза боласың.

Жоғарыда айтып өткенімдей заманауи кәсіптің иелері мерзімді әскери қызметшілер қатардағы жауынгерлер: Арман Тұрсынжан мен Арман Мұқатаев туған жер алдындағы перзенттік борыштарын өтеп жүр. Екеуі де ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы техникалық және кәсіби даярлық бөлімінде әскери қызметте.

Сарбаздар шекарашылар са-

пына қабылданғанға дейін мобилография саласында жұмыс жасап, тәп-тәуір табыс тапқан. Үйлеріне әскерге шақыру қағазы келген кезде ата-аналарының рұқсатын алып, ойланбастан жолға шыққан. Бүгінгі күні қос Арман алакөлдiк шекарашылардың мақтанышы. Сарбаздар жақында ғана ант қабылдады.

Қатардағы жауынгер Арман Тұрсынжан – Талғар қаласының тумасы. Әкесі Манас Тұрсынжанұлы Алматы қаласының жылу жүйесінің қызметкері болса, анасы Адасхан Бүрленқанқызы Талғар аграрлық-техникалық колледжінің медбикесі. Алтыншы сыныптан бастап еркін күреспен айналысқан Арман спорт шеберлігіне үміткер. Телефон арқылы сапалы бейнебаяндарды түсірумен айналысқаннан бері елімізге танымал әнші, актер, кәсіпқой спортшыларға бейнебаяндар түсірген. Әлеуметтік желілерге таратқан. Негізгі



Әлеуметтік желіге жариялаған сапалы бейнебаяндары көп қаралымға ие болған. Мемлекеттік органдардан тапсырыстар қабылдаған. Бос уақытында көмекке зәру қарттарға көмек беруге волонтерлықпен айналысқан.

мамандығы ветеринар. Колледжді қызыл дипломмен тәмамдаған. Жаңалыққа жаны құмар сарбаз әскери ұжымның белсенді жастар орталығының төрағасы.

Қатардағы жауынгер Арман Мұқатаев Алматы қаласының тумасы. Әкесі Руслан әскери қызметші. Анасы Шахназ Муралимқызы Жетісу облысы бойынша әскерге шақыру бөлімінде медбике. Мамандығы – фельдшер. Жасынан спорттың воркаут, волейбол түрлерімен айналысқан. Сүйікті ісі – мобилография. Осы саланың қыр-сырын жақсы меңгерген. Біліктілігін дамыту мақсатында дрон арқылы бейнебаян түсіруді үйренген.

Әлеуметтік желіге жариялаған сапалы бейнебаяндары көп қаралымға ие болған. Мемлекеттік органдардан тапсырыстар қабылдаған. Бос уақытында көмекке зәру қарттарға көмек беруге волонтерлықпен айналысқан.

Екі Арманның қазіргі кездегі армандары – Отан алдындағы әскери қызметтерін абыроймен атқарып, үйлеріне аман-есен оралу. Қазақстанның жарқын болашағына дамыған заманның ең жоғары мамандығы – мобилография саласын жетілдіру арқылы келелі үлестерін қосу.

**Майор М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор.**

ТАҒЫЛЫМДАМА

Болашақ шекара қырандары

Шекара басқармасының ұжымы болашақ офицерлерді барлық әскери дәстүрлерге сай қарсы алып, Шекара басқармасының бастығы полковник Қайсар Мұхтарұлы Досмұхамбетов істеріне сәттілік тіледі.

Келген беттен олар құлшыныспен және қызығушылықпен іске кірісті. Әуелі Зайсан шекара басқармасының мұражайын аралап, 1924 жылдан қазіргі уақытқа дейін көне басқарманың басшылығында отырған басшылармен, Зайсан жерінен шыққан генералдар, мемлекеттік марапатқа ие болған шекарашылар, әр кезеңдердегі әскери киім түрлерімен, ауған-тәжік шекарасында жауынгерлік қызметін өтеген шекарашылар, атаулы шекара бөлімшелері, шекара басқармасының 100 жылдығына орай табысталған естелік сыйлықтармен т.б. құнды мәліметтермен кеңінен таныстырылды. Мұражайдағы әрбір затқа көңіл бөліп қарап, естелік суреттерге түсті. Сонымен қатар, шығыс өңіріндегі Зайсан жерінің тарихынан хабардар болу үшін Зайсан тарихи-өлкетану мұражайына барып, мұражай қызметкерінің тағылымды әңгімесінің куәсі болдық. Әсіресе оларға «Зайсан ауданының батырлары» залындағы қойылған экспонаттар ұнады, 1868 жылдары қолданылған қолдан жасалған тұрмыстық заттарды қарап таңданды. Батырлардың киген сауыттарын, қолдарына ұстаған қаруларын көріп сонау бір заманға шегініс жасады.

Курсанттар «Күз-2024» шақырылым сарбаздарымен біршама тәрбие мен тәртіпке бағытталған шаралар өткізді. Ақылдары кемел, ойлары ұшқыр жастар - біздің қоғамымыздың басты байлығы. Курсанттар сарбаздармен өз-өздерін шынықтырып, жан-жақты ізденіспен, ерекше қабілеттілікпен іс-шаралар жүргізді. Жас жауынгерлерге моральдық-психологиялық қолдау көрсету мақсатында «Жақсы



Үстіміздегі жылдың қараша айында Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасына ҚР ҰҚК ШҚ Академиясының оқу застава бастығы аға лейтенант Д.Мұқатаевтың басшылығымен 1-оқу дивизионы 110-оқу заставасының курсанттары әскери оқу-тәжірибелік, тағылымдамалық сынақтан өту үшін келген болатын. Шекара басқармасына табандарын тіреген сәттен бастап өздерін болашақ офицерлер ретінде сезінген курсанттар 25 күндей оқу техникалық және кәсіптік даярлау бөлімінде қызмет етті.

көңіл-күй жанға қуат», «Якорь нүктесі» атты психологиялық тренинг өткізген курсанттар Е. Көрпебаев, А. Төрениязов, К. Қабылбек. Дене шынықтыру бойынша үстел теннисі, белтемірге тартылу сияқты спорттық сайыстарды ұйымдастырған курсанттар А. Қалиқан, Д. Абдраман, Н. Абдижаппар. Атыс дайындығынан сабақ өткізген курсанттар Б. Исах, Б. Қалибек болса, тактикалық сабақ жүргізгендер Д. Жақсылық, Ж. Бекасыл, М. Қаппар. Шекара Академиясының оң имиджін қалыптастырып, өздерінің білім ошақтары ту-

ралы мағлұмат беріп, болашақ шекарашы атануға деген құлшыныстарын арттыруға мектеп оқушыларымен сұхбаттасып қайтты. Қаладағы қара шаңыраққа айналған М.Әуезов атындағы орта мектептің акт залында 9-11 сынып оқушыларымен А. Қалиқан, Б. Исах, Н. Абдижаппар, Д. Тасбулатовтар әңгімелесті, оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды. Демалыс күндері сарбаздармен «Сәлем хат» айдары ұйымдастырылды. Жас курсанттар арасында әрбір өткізілген іс-шараны суретке түсіріп, заманауи бей-

нероликтерді жасауда, өңдеуші, мобилографтар Ә. Хамит пен Е. Көрпебаевтардың еңбектері зор болды. Әрбіреуі жеке тұлға, әрбіреуінің бойында рухани адамгершілік пен шекарашы офицеріне тән жинақылық, жылдамдық, сонымен қатар саналы ойлау қабілеттері бар. Оқу техникалық және кәсіптік даярлау бөлімінің бастығы подполковник Вячеслав Алексеевич Шеляг «Жас курсанттардың күш-жігерлері мен Академия қабырғасынан алған білімдері, тәрбиелері өте жақсы дамыған. Биылғы жылдың 3-курсның курсанттары біздің сарбаздармен көптеген жақсы шараларды өткізді. Сарбаздармен күнделікті жекелей әңгімелесіп, бауырлас қасиеттерімен олардың қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттеріне өз тараптарынан үлестерін қосты. Істері ширақ, жас келсе іске, дегендей осындай болашақ офицерлер сапында көрінетін жастарымызға ризамыз», деп айтып өтті.

«Шекарашы» деген қастерлі мамандық иесі атану үшін ерекше шыдамдылық керек. Шекара офицері болуға әркімнің батылы бара бермейді. Нағыз қайсар, табанды өзінің ісін шын сүйіп, соның жолына құштарлықпен берілген азамат қана - өз мамандығының қыр-сырын жетік біліп, жауынгерлердің ақылшы-кеңесшісі, тәрбиешісі, жанашыры бола алады.

Олай болса, жас курсанттар алған білімдеріңіз бен тәжірибелеріңіз мемлекеттік шекараны күзету ісінде шындала түсетініне сеніміміз мол. Сіздердегі жақсы жаңалықтар мен иіп істердің орындалуына әрдайым тілекшіміз!



**Майор
Ғ. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР».
Сурет шекара
басқармасынан.**

ТЕМІР ТҰЛПАР ТАБЫСТАЛДЫ

ҰҚК Шекара қызметінің материалдық-техникалық базасын нығайту қашанда күн тәртібінен түскен емес. Бүгінгі таңда қуатты құрылымның жарқын келбетін қалыптастыру мақсатында ведомство басшылығының тікелей мұрындық болуымен түрлі деңгейдегі ауқымды істер атқарылуда. Мемлекеттік шекара шақырымдарын тиімді күзету және қорғау мақсатында пайдалануға берілген қажетті керек-жарақтар болашаққа апарар баспалдақ іспетті. Сәрсенбі сәтіндегі ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментінде көрініс тапқан айтулы шара соның айқын айғағы.



Атыраулық шекарашылар шоғырланған бас ғимараттың үлкен саптық алаңы мерекелік сипатқа ие болғандай. Сымдай тартылған әскери қызметшілерге жасалған тамаша тарту сырттан сұсты болып көрінген алаңның ажарын кіргізгендей. Сап түзеген жеке құрам да өздеріне деген ерек қолдау мен қамқорлықты сезінгендей. Енді тақырыпты тарқатсақ...

Бұл күні департамент бастығы полковник Әділ Әбесов заманауи үлгідегі төрт бірдей автокөліктің кілтін тапсырды. Дәл осы сәттен бастап шалғайдағы шекара шақырымдарын шаңдататын көлік «JAC T-6» деп аталады. Ел шебінде

жол талғамайды. Шекара бөлімдері мен бөлімшелері арасындағы күре жолда жүйрік желмен жарысқан жүргізушілердің таптырмас серігі. Жақсы аттың жолда қалдырмайтыны сынды, жолда қалдырмайды. Заманауи жабдықталған техника жаңашылдыққа бастап, заулап тұр.

Алдағы уақытта атыраулық шекарашылар меншігіне берілген көліктер департамент бастығының тікелей нұсқауымен «Сазды», «Ер Қосай», «Исатай», «Жанбай» шекара бөлімшелеріне аттанады. Екі ел қақпасын сенімді күзеткен қызмет орындарында жеделдікті қамтамасыз ететіні сөзсіз. Оларды алыс атыраптағы айбын-

дылар асыға күтеді. Себебі олар «қырық» жылғы қажытқан ескілікпен қоштасуға мүмкіндік алды.

Осы орайда айта кетсек, осыдан бірер жыл бұрын Шекара қызметі жоғары басшылығының бастамасымен 60-тан астам «JAC T-6» көлігі еліміздің барлық аймақтарына үлестірілген. Бұрын соңды шекара топырағына табаны тимеген жүйріктер өздеріне берілген сынақтан сүрінбей өтті. Жыл он екі ай мертікпей, маңғаз даланы шарлады. Қазіргі таңда жалғасын тауып жатқан жүйелі жұмыстар тындырымды тәжірибенің жеңісі һәм жемісі. Атырауға келген бұл автокөліктер су жаңа алғашқы

темір тұлпарлар емес. Бұған дейін де 3 «JAC T-6» көліктері шекара бөлімшелеріне аттанған. Атап айтсақ, ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаменті құрамындағы «Сазды», «Ер Қосай», «Балқұдық» шекара бөлімшелерінің қызметіне қол болып тұрған жайы бар.

– Тыныштықтың тұтқасына айналған Шекара қызметін қайта жарақтандыру кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Ерік-жігермен қаруланған қырағыларды заманауи әскери техникамен жабдықтау бұған дейін дабыл қаққан мәселе болатын. Бүгін бұл мәселе оң шешімін тауып келеді. Көңіл қуантады. Жылы үйінен жырақ жүріп, мемлекеттік шекара күзеткен шекарашыларға барлық жағдай жасалуы тиіс деп есептейміз. Бүгінгі салтанатты түрде табысталған «JAC T-6» автокөліктері жеңіл автокөліктер санатына жатады. Су жаңа қызметтік көліктер алдағы қызмет кезеңінде ел шекарасындағы заңбұзушылықтарды болдырмауға, заңбұзушыларға қарсы іс-қимылды жеделдетуге өлшеусіз үлес қосады деп сенемін, – деді қару-жарақ бөлімінің аға офицері майор Нұрмахан Ақтаев.

Қызметтегі осы сарындағы мерейлі мезеттер көңілге медет. Кейде қызметтік сапар кеңістігінде көзге көнерген техниканы көріп, осындай су жаңа көліктерді тілек қылғанбыз талай. Өткен ғасырдың көліктерін тізгіндеген жүргізушілердің қолы жаңа техникаға жетсе екен деп жазғанбыз да талай. Бүгінгі табысталған көліктер үмітке үкі тақты. Қуанышымыз ұзаққа созылғай. Жаңарған Қазақстанның Мемлекеттік шекарасынан да жаңашылдықтың ісі аңқып тұрса. Қалың көптің тілегі де сол...

Капитан Б. ҚОЖАНТАЙ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.

КЕЗДЕСУ

Ардагер ақыл-кеңесімен бөлісті

Ұрпақтар сабақтастығының тәрбие жұмысындағы рөлі өте зор. Аға буын көптеген жылдар бойы өзінің жеке тәжірибесінде жинаған өмірлік сабақтарымен бөліседі. Ал шекара сақшылары болса, айтылған ақылды қажетіне пайдаланады. Қонымды әңгімелерді көңілге тоқып алады. Күнделікті қызметтерінде жүзеге асырады.

Осындай маңызды ақпаратқа толы кездесулердің бірі ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында ұйымдастырылды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің құрметті азаматы, Ауған жауынгері, Шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі, отставкадағы полковник Қазақбай Ертышбаев алакөлдiк шекарашылардың басқармасында қонақта болды. Бөлім, бөлімшелерін аралып, жеке құрамға салиқалы әңгімесін айтты.

Қазақбай ағаның алдын ала жоспарлаған кешенді тәрбие жұмысы Техникалық және кәсіби даярлық бөлімінің «Күз-2024» жас сарбаздарының ант қабылдау шарасына қатысудан басталды.

Екінші күні шекара басқармасының офицер құрамымен кездесті. Сұхбат барысында түрлі жауапты лауазымдағы тұлғаларға қарамағындағы жеке құрамға үлгі бола білуге кеңес берді. Әр офицер жеке құрамға дұрыс бағытта тәрбиелеу ісінде қалыс қалмау керектігін тілге тиек етті. Шекара нарядының қызметті сапалы атқаруы, әскери ұжымның татулығы, әскери тәртіптің қатаң сақталуының басында өздерінің тұрғанын баса айтты.

Ал келісімшарт әскери қызметшілері мен сарбаздар-



мен өткен тәрбие сағаттарда әскери қызметшілердің Әскери Жарғыға қарсы іс-әрекетке бармау керектігін және есірткі затының денсаулыққа зиян екенін сөз қылды. Сонымен қатар, ҚР ҰҚК Шекара академиясына оқуға түсу мен келісімшарт негізінде әскери қызметке орналасудың тәртібі жөнінде түсіндірді. Жауынгерлік жолдастық пен бауырластықтың жауынгерлік қызметті орындаудағы оң ықпалы туралы сөз қозғады.

Шекарашы ардагер бірнеше күнге созылған тәрбие жұмысы кезінде аталған шекара басқармасының «Достық» шекаралық бақылау бөлімінде және «Жалаңашкөл», «Айдала», «Шыңдалы», «Шолақ», «Селті», «Жетісу» шекара бөлімшелерінде мазмұнды тақырыпқа мол кездесулер өткізді.

Отставкадағы полковник Қазақбай Ертышбаев:

– Саналы ғұмырын шекара шебіне арнап, зейнеткерлік



жасқа жеткен әр ардагердің міндеті – жинаған тәжірибесін соңынан ерген орта буынға жеткізу деп ойлаймын. Кешенді тәрбие жұмыстары осылайша жалғаса берсе, мемлекеттік шекарамызды күзету ісі де мығым болары сөзсіз. Шекарадағы әскери ұжымдармен кездесу өткізу кезінде мен осыны түсіндім. Әр айтқан әңгімемді мұқият тыңдады. Жанарлары білсем, үйренсем деп жанып отырған жастарды көрген кезде соңымыздан ілескен жалынды жастардың бар екеніне көзім жетті. Сондықтан да мұндай айбынды сайыпқырандарымыз тұрғанда шекараға сызат түсірместен күзетуді жүзеге асыратын дәстүрлі жауынгерлік қызметіміз жалғаса беретініне бек сенімдімін! – дейді.

Майор М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.

Біртұтас тәрбие бастауы

Жастарды отаншылдық рухқа тәрбиелеу мақсатында, еліміздің түкпір-түкпірінде әсіресе әскери-патриоттық клубтар мен үйірмелердің жұмыстарына жанданған. Соның нақты дәлелі ретінде ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің жанынан құрылып, батыр шекарашы Раджан Батырхановтың есімін иеленіп үлгерген «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубын тілге тиек етуге болады.

Лайықты бағасын беру керек, Алматы қаласындағы №102-ші орта мектебінің бастапқы әскери дайындық сыныбының жетекшісі Бақытжан Перімбетовтің ұйытқы болуының арқасында, атаулы клубтың мүшелері халықаралық республикалық сайыстарға қатысып, жүлдесіз оралған жоқ. Мұның сыртында, жыл сайын жаз айларында шекарашылар күзетін таулы аймақтарға барып, шыңға өрмелеуді берік дәстүрге айналдырып үлгерген біздің болашақ шекарашылар енді атқа мінудің әдіс-тәсілдерін үйренуді бастап кетті. Қысқасы, Алматы облысы бойынша департаментінің қамқорлығындағы кадеттер «сен тұр, мен атайын» дейтін дәрежеге жеткен.

Жасырмаймыз, осыған дейін олар бізге келетін. Дәлірегі, департаменттің аясында ұйымдастырылатын шаралардан тыс қалмайтын. Сондықтан, кадеттер оқитын мектептің атауына сырт-

тай қанық болсақ та, өзіне бас сұғып көрген жоқ едік. Жақында осы «олқылықтың» орнын толтыратын сәт те туған. Дәлірегі, қалалық №102-ші орта мектебінде «Отанымыздың жүрегі – тәуелсіздігіміздің тірегі» атты әскери-патриоттық сыныптарға арналған қалалық әдістемелік семинар өтетін болып, аталған шараға қатысуға ниет еткен едік.

...Сонымен, айтылған уақытта білім ошағының алдынан табылған біз алғашында сасқалақтап қалғандай едік. Неге десеңіз, жерге жайылған қызыл кілем (қар аралас жаңбыр жауып тұрған-авт.) жоқ демесеңіз, кадеттердің қонақтарды қарсы алуларында бір мін жоқ болатын. Бәрінен де, қақпадан енгендерді қолдарын шекелеріне қойып, әскери тәртіппен қарсы алған балақайлар – біздің шекарашы кадеттер болып шыққаны көңілімізді жасыл жайлаудың төріне шығарғандай күй кешкенбіз...

Байқаймыз, әскери жетекші



Б.Перімбетов бастаған ұстаздар қауымы да бүгінгі шараға әбден дайындалған сыңайлы. Қарасай ауданы шекара басқармасының Ту көтерушілер тобы мен бірге Қорғаныс министрлігінің осындағы әскери оркестрін де жолықтырдық. Шақырту алған қонақтардың денін қала мектептерінің мұғалімдері құрайды. Жас патриоттарды тәрбиелеу бойынша тәжірибе алмасуға келгендер. Сондай-ақ, Алматы облысы бойынша департаментінің атынан кадрлар жұмысы бөлімі бастығының міндетін уақытша атқарушы подполковник А.Айсағалиев қатысуда.

Шара басталар алдында мәжіліс залына үш топ әскери саппен

кіріп келді. Бақсақ, олар – батыр шекарашы Р.Батырханов атындағы «Жас шекарашы» әскери-патриоттық сыныбы, қалалық полиция басқармасының қамқорлығындағы «Сақшы» және Қорғаныс министрлігінің ұйытқы болуымен ашылған «Жас сарбаз» әскери сыныптардың кадеттері екен. Белгіленген орындарына тұрған соң шара да басталып жүре берген.

Еліміздің Әнұраны орындалған соң бірінші болып сөз алған мектеп басшысы С.Ахметова бүгінгі шараның маңызына тоқталды. Жастарды отаншылдық рухқа тәрбиелеу бойынша жасалып жатқан жұмыстарға тоқталды. Арасында әскери сыныптардың ашылу

тарихына да тоқталуды жөн санаған Сәуле Сәдуақасқызының сөзін жиналған қауымның назарына ұсынылған бейнебаяндар пісенттей түскен.

Әрине, сөйлеушілер де аз болған жоқ. Солардың бірі, бүгінгі шараға департамент атынан қатысып отырған подполковник Асхат Айсағалиев батыр шекарашының есімін еншілеген әскери сынып туралы айта келіп, оларды мектеп бітірген соң зор мүмкіндіктер күтіп тұрғанына ерекше тоқталған.

Осылайша, ерекше леппен өткен жиынның соңы жас өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласқан. Арасында жас сарбаздар дүйім халықтың алдында қарумен жұмыс істеудің тәсілдерін шебер көрсеткен. Дегенмен, бүгінгі семинар өткізушілердің дайындығы мұнымен бітпесе керек. Ә.Махамбетова бастаған бір топ жас ұстаз сахнаға шығып, қазіргі кезде қала бойынша өтіп жатқан біртұтас семинардың әнұранын нақышына келтіріп орындады.

Семинар аяқталған соң кейбір ұстаздар қауымы біздің офицерге жақындап, меморандум жасасу бойынша көкейлеріндегі сұрақтарын қойып жатты. Ең бастысы, үш бірдей әскери сыныбы бар мектептің мерейі көтерілгені анық. Ал бұл дегеніміз, жас патриоттарды тәрбиелеу ісіне қосар үлесі өлшеусіз екені белгілі.



Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ТАК ПОСТУПАЮТ ПОГРАНИЧНИКИ!

ЮДП

Всегда готовы прийти на помощь

11 ноября во время проведения боевого расчета военнослужащие пограничного отделения «Уялы» Департамента ПС КНБ по СКО заметили повалившийся с крыши черный дым недалеко стоящего частного дома.



К моменту завершения боевого расчета на заставу прибежал местный житель Абай Жунусов с просьбой помочь потушить пожар. Незамедлительно начальником пограничного отделения «Уялы» капитаном Дастаном Сакиевым было принято решение о направлении 5-ти военнослужащих к месту пожара.

На момент возгорания все жильцы дома уже самостоятельно выбрались, но была необходимость спасти и годами нажитое имущество. Клубы черного дыма вились над крышей строения и было понятно, что необходимо разобрать кровельное перекрытие, чтобы добраться до эпицентра пожара и потушить его.

Возникший по причине короткого замыкания электропроводки пожар с каждой минутой разгорался все сильнее, поэтому военнослужащими было принято решение снимать с крыши уже лопающийся от высокой температуры шифер.

Так как в селе проживают престарелые люди, то капитаном Д. Сакиевым было принято решение подняться на крышу и снимать перекрытие, а местные жители будут подносить воду и снег для тушения пожара. Отважные пограничники поднялись на крышу и начали целенаправленно снимать



листы шифера, несмотря на задымленность и высокую температуру.

Благодаря слаженности работы сельчан и самоотверженности наших военнослужащих, пожар в скором времени удалось потушить подручными средствами.

Житель села Уялы со словами благодарности обратился к руководству пограничного отделения и военнослужащим, оказавшим посильную помощь в тушении пожара: старшему сержанту Гадылбеку Мухамеджанову, младшему сержанту Ерлану Ауталипову, ефрейтору Темирлану Амренову и рядовым Ержану Әлімқұл и Сағидолле Смагулову.

Так, военнослужащие пограничного отделения своим ярким примером показали, что в повседневной жизни есть место для подвига, и наши пограничники всегда готовы прийти на помощь тем, кто в ней действительно нуждается.



Майор
Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР». Фото
с департамента.

Юные патриоты-пограничники

22 ноября отделением пограничного контроля «Караганда» было проведено военно-спортивное мероприятие с учениками военно-патриотического кружка «Жас шекарашы» средней школы №77 им. Б. Момышулы г. Караганды.

Соревнования прошли в нескольких дисциплинах: среди учеников 7 классов – по стрельбе из лука и плаванию на 25 метров; среди учеников 8-9 классов – по стрельбе из пневматической винтовки и сборке-разборке оружия АК-74.

Каждое состязание стало настоящим испытанием для участников, проверивших не только физическую подготовленность, но и умение работать в команде, а также знания основ безопасности при обращении с оружием.

По итогам соревнований были определены победители и призеры. Их наградили грамотами, медалями и благодарственными письмами, а также памятным подарками, символизирующие уважение к их усердной подготовке и стремлению к достижению высоких результатов.

Мероприятие прошло в атмосфере дружбы и здорового соперничества, подчеркивая важность патриотического воспитания и привития ценностей военной службы и национальной безопасности молодежи.



Капитан
О. ЖАКСЫЛЫКОВ,
«OS-ЧР». Фото
предоставлено УПК «Астана».

БӨЛІМШЕ МАҚТАНЫШЫ

Шекараға адал қызмет етіп жүрген жауынгер

Кіші сержант Байзақ Нариман Сабитбекұлы 1998 жылдың 21 қыркүйегінде Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Құмқұдық ауылында дүниеге келген. Оның өмірі мен қызмет жолы шекараға адал қызмет ету мен спортқа деген сүйіспеншілікпен тығыз байланысты. «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген қазақтың нақыл сөзі – оның өмірінің басты қағидаларының бірі.



Нариман 2017-2018 жылдары мерзімді әскери қызметін өтеп, Отан алдындағы борышын орындады. Ол «Тажен» автокөліктік және «Бейнеу» теміржолдық бақылау пункттерінде қызмет атқарған. Бұл кезеңде ол әскери тәртіп пен жауапкершілікті меңгеріп,

өзінің шекара қызметіндегі болашақ мансабына негіз қалады. «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген Бауыржан атамның сөзі әскери өміріндегі басты ұстанымына айналған.

2018 жылдың 19 қыркүйегінен бастап Байзақ келісімшарт бойынша шекара қызметінде қызмет етеді. Ол Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Әйтеке би» шекара бөлімшесінде аға радиотелефонист, кейін барлаушы, сосын аға барлаушы лауазымдарын атқарды. Қазіргі уақытта ол мобильдік топ бастығы болып қызмет етеді. Бұл лауазымда ол шекара күзетінің тиімділігін арттыру және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін маңызды міндеттерді орындап келеді.

Қайсар мінезді кейіпкеріміздің спортқа деген қызығушылығы қызметте де белсенділік танытуға жетелеген. Көптеген шымдарды бағындырып, басшылықтан оң нәтижелері үшін бірнеше рет марапатталғаны келесі айтар сөзіміздің дәлелі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және қорғау ісіне қосқан зор үлесі үшін 2023 жылы өткізілген жауынгерлік сайыста «Үздік аға шекара наряды» номинациясын жеңіп алған.

Сонымен қатар, мемлекеттік шекарамызды күзету ісіндегі адал қызметі мен тапсырмаларды сапалы орындағаны үшін департамент бастығының бірнеше марапатына ие болған. Үздік шекаралық наряд басшысы сайысының қорытындысы бойынша жеке есепте 1-ші орынға шыққан. Бөлімше топтары арасындағы кросфит белтемірден тартылу біріншілігінде де топ жарып 1-ші орынға жайғасқан. Қазақша күрес түрінен де жүлделі 2 орынды қанжығасына байлаған. «Жеңіс – еңбектің жемісі» деген қағида оның жетістіктерінің негізі болып табылады.

Кіші сержант Нариман Сабитбекұлы үйленген, жұбайы Алимкулова Аманқыз Махсұтовна екеуі екі ұл тәрбиелеп отыр. Отбасы – оның өміріндегі ең маңызды құндылықтардың бірі, ал балаларын патриоттыққа тәрбиелеу – оның басты мақсаты. Нариман өз балаларын Отанды сүйуге, бойларына жақсы қасиеттерді дарытып тәрбиелеуге ерекше көңіл бөледі.

Нариман Байзақтың жетістіктері мен марапаттары – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғаудағы қажырлы еңбегінің нәтижесі. Отанға қызмет ету мен спортта жетістікке жетудің маңыздылығы жас шекарашыларға үлгі. Осындай үлгі тұтар шекарашыларымыздың Отанға адал қызмет етуі – еліміздің болашағына сеніммен қарауға мүмкіндік береді.



Лейтенант
Ж. ШАРМАЕВ,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор

Шынайы сұхбатта шекара жоқ

Алыстан ат арылтып жеткен қонағымызға құшағы айқара ашық ұлттың ұрпағымыз ғой. Ал сол қонақ Қазақстан халқына танымал ғана емес, өзі бір кездері шекарашылардың сапында қызмет атқарып, енді араға жылдар салып, өзінің туған ортасына қайта оралуды шешсе... Әрине, қонаққа!

Бұл – шығысқазақстандық жас жігіт, танымал блогер, азаматтық борышын ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасының «Қайырған» шекара бөлімшесінде өтеген Даниил Сидоров болатын. Бір қызығы, халық «Русскийқазақ» ретінде білетін блогер, өзінің 100 мыңнан астам жазылушысы бола тұрып, қарапайымдылық танытудан танбаған жас жігіт аталған шекара басқармасына келе салып, өзінің «миссиясына» мықтап кіріскен. Ал біз осынау сәтті қалт жіберуді өзімізге мін санаған едік...

...Алдымен шекара басқармасының бастығы полковник Аслан Бектасовтың қабылдауында болып, келгендегі мақсатымыздың мән-жайын егжей-тегжейлі жеткізген соң, қонағымыздың маңдай тіреген жері – техникалық және кәсіби даярлық бөлімі болды. Мұнда бүгінде 500-дей сарбаз өздерінің шекарашылық шеберліктерін шыңдау үстінде. Сондықтан, Даниил – блогер «Русскийқазақты» көре салып, бірден тани кеткен болашақ шекарашылардың көздері шоқша жанғанын көрсеңіз ғой!..

Осылайша, бірден басталып кеткен ағынан жарыла сұхбат беру, ата-ана, туыс-бауыр, достарға сәлем жолдау, белтемірге тартылудың хас шебері саналатын біздің қонақпен «сайысқа» түсудің соңы келесі күні «Қайырған» шекара бөлімшесінде жалғасқан. Дегенмен, бұл туралы мақаланы газеттің келесі санына қалдыруды шешкен жайымыз бар. Ал қазір біз Даниилмен жұмыс арасында сәтті түскен сұхбатымызды назарларыңызға ұсынғымыз бар.

- Даниил, өзіңнің туған шекара басқармаңа қош келдің!
- Рақмет!
- Шекарамен қоштасқан сәтің есінде ме?
- Бұл – әрбір сарбаздың жүрегінде мәңгі сақталып қалатын сәт деп ойлаймын.
- Ал қазір ше?
- Шынымды айтсам, алған әсерімнің шет-шегі жоқ. Туған ұжымыммен қауышқаныма қуаныштымын. Бәрінен де ертең өзімнің бөлімшемді көретінімді, осыдан екі жыл бұрын өзім жүрген соқпақтарыма табан тигізетінімді ойласам, бойыма еселеп күш құйылғандай болады...
- Екі жыл бұрын өзің де сарбаз болдың. Сондықтан, сарбаздың ойын, жан-дүниесіндегі толқынысын, бәрі-бәрін сен



ғана түсінесің. Оның үстіне, шекарашылар үшін «бұрынғы» деген түсінік жоқ.

– Дұрыс айтасыз, бүгін басқарманың табалдырығынан атаған сәттен бастап, мен өзімнің ортама, өзімнің достарыма, өзімнің өміріме қайта оралғандай болдым.

– Біздің сарбаздар қалай екен?

– Көздерінде от бар! Ал бұл – шекара үшін өте керек екенін, мен өз басымнан білемін!

– Мен де солай ойлаймын! Олай болса, шекараға қайта оралуыңмен!

...Әрі қарай, шекарашылардың шынайы өмірін өзінің жазылушылармен бөлісуге асыққан Даниилдың жұмысы қайта қызып сала берген. Асханаға барып, сарбаздармен бірге ас ішу (осынау сәт әсіресе сарбаздардың алыстағы ата-аналары үшін аса маңызды), спорт залында мықтылармен сайысу...

Міне осылардың барлығы біздің көз алдымызда өрбіген. Әйтсе де мұны «Русскийқазақтың» тик-токтағы парақшасынан көруге болады. Әрине, біздің шекарашының парақшасына жазылсаңыз!

Бәрінен де бізге кім келгенін білесіз бе? Шекарашы патриоттардың бірі, «Русскийқазақтың» өзі!

Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

ТӘЖІРИБЕ, қиындықтар және жетістіктер



Шекара қызметі – мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылым. Қазақстан Республикасының шекара қызметі еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қорғауда, заңсыз миграция мен контрабанданың алдын алуда, сондай-ақ шекаралық аймақтардың тұрақтылығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Шекара қызметінде 20 жылдан аса қызмет етіп жүрген әскери қызметшілер – бұл тәжірибелі мамандар, олар өздерінің қызметінде адалдық, патриотизм және кәсібилік танытады.

Шекара қызметінде ұзақ жылдар бойы жұмыс істеген әскери қызметшілердің тәжірибесі мен біліктілігі ерекше бағаланады. Олар шекаралық бақылау, құқық қорғау, тергеу және басқа да күрделі міндеттерді орындауда мол тәжірибеге ие. Олардың білімдері мен дағдылары шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Бұл әскери қызметшілер әртүрлі жағдайларда жұмыс істеп, қиыншылықтарға төтеп бере біледі. Жиырма жылдан астам уақыт бойы шекара қызметінде жүрген әскери қызметшілер өз міндеттеріне адалдықпен қарайды. Олар мемлекеттің мүддесін қорғау үшін күн сайын қызмет етеді. Шекарадағы қауіптер мен қиындықтарға қарамастан, олар өздеріне жүктелген міндеттерді орындауда жоғары жауапкершілік танытады. Мұндай адалдық пен жауапкершілік шекара қызметінің беделін арттыруға және жастардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал етеді. Шекара қызметінде жұмыс істейтін әскери қызметшілердің патриотизмі олардың қызметінің негізі болып табылады. Олар елінің қауіпсіздігі үшін күресті, отандастарына үлгі болады. Патриотизм тек сөзбен ғана емес, іспен де көрінеді:

Олар шекараны қорғап, заңсыз әрекеттермен күресуде белсенділік танытады. Олардың жұмысы елдің тыныштығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Шекара қызметіндегі әскери қызметшілердің кәсіби дамуы мен дайындықтары үздіксіз жүргізіледі. Олар арнайы курстардан өтіп, жаңа технологиялар мен әдістерді меңгереді. Бұл оларға заманауи қауіптерге қарсы тұруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тәжірибелі әскери қызметшілер жас мамандармен өз білімдері мен дағдыларын бөліседі. Шекара қызметінде 20 жылдан аса қызмет етіп жүрген әскери қызметшілер – бұл еліміздің қауіпсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз ететін нағыз мамандар. Олардың тәжірибесі, адалдығы және патриотизмі еліміздің шекарасын қорғауда маңызды рөл атқарады. Олардың еңбегі мен ерлігі әрдайым құрметке лайық, себебі олар Қазақстанның болашағы үшін күресуде. Еліміздің азаматтары ретінде біз оларға алғыс айтып, олардың еңбегін бағалауға міндеттіміз.

Аға лейтенант Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ҚАРУ-ЖАРАҚТЫ ҚАУІПСІЗ ҚОЛДАНУ

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінде өткізілген он күндік декада қару-жарақты қауіпсіз қолдану бойынша маңызды шара болып табылады. Бұл іс-шара жауынгерлік даярлық және әскерлер қызметі күнтізбелік жоспарына сәйкес ұйымдастырылып, жеке құрамның кәсіби шеберлігін арттыру, қауіпсіздік талаптарын сақтау және жауынгерлік даярлықты күшейту мақсатында өткізілді.

Декада барысында әскери қызметкерлерге қару-жарақты дұрыс пайдалану, оны сақтаудың әдістері, сондай-ақ оқыс жағдайларда әрекет ету тәртібі туралы



теориялық және практикалық сабақтар өткізілді. Мұндай шаралар жеке құрамның дайындық деңгейін арттыруға бағытталған, оларды заманауи әскери талаптарға сай дайындау үшін өте маңызды.

Әскери қызметкерлердің қару-жарақ пен оқ-дәрілерді пайдалану кезінде даярлық деңгейін арттыру және қарумен жұмыс істегенде жарақат алудың алдын

алу мақсатында шаралар қабылданды. Сабақтар барысында "Қару-жарақ пен оқ-дәрілерді пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен шаралары", "Оқ дәрімен атылатын қарудың материалдық бөлігі", "Қаруды қолдану тәртібі", "Қару-жарақ, оқ-дәрілер және оптикалық құралдардың ұрлануын, жоғалуын және зақымдалуын болдырмау бойынша лауазымды тұлға-

лардың жұмысын бақылау және ұйымдастыру" тақырыптары қарастырылды.

Практикалық жаттығуларда "Қаруды зарядтау (разрядтау) тәртібі", "Қарумен қатардағы әскери қабылдауларды орындау", "Қарумен қозғалыстағы әскери қабылдауларды орындау" тақырыптары бойынша арнайы жаттығулар өткізілді. Бұл жаттығулар әскери қызметкерлердің қару-жарақты дұрыс қолдану дағдыларын нығайтуға және оқыс жағдайларда жедел әрі тиімді әрекет ету қабілетін дамытуға мүмкіндік берді.

Декаданың ұйымдастырушысы департаменттің жауынгерлік даярлық және әскерлер қызметі басқармасының аға консультанты подполковник Жулдубаев Айбек Сидазымович:

– Он күндік декада қорытындысында, жеке құрамның кәсіби біліктілігі мен даярлық деңгейі артқанын атап өтуге болады. Мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында маңызды рөл атқаратыны сөзсіз, – деп атап өтті.

Лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

ТРЕНИНГ

СПОРТ

Арт-терапия для молодых солдат

В первом дивизионе береговой охраны Департамента Пограничной службы КНБ по Мангистауской области проведена арт-терапия для молодых солдат и матросов призыва «Осень-2024.



Мероприятие было организовано офицерами психологами отдела профессиональной и технической подготовки первого дивизиона береговой охраны совместно с коллегами из Центра психологической поддержки города Актау.

По словам старшего офицера отдела майора Маргариты Шистеровой арт-терапия проведена с целью снижения уровня тревожности, стресса и агрессии в период адаптации к воинской службе.

– Подобные занятия помогают ребятам не только расслабиться, но и развивают командный дух и взаимопонимание. Модель нашей программы составлена с учетом особенностей военной деятельности, поэтому она оказывает положительное влияние на уровень и качество адаптации молодых солдат, – прокомментировала офицер.

По результатам тренинга было отмечено улучшение психологического состояния участников, повышение уровня доверия в коллективе и снижение признаков эмоционального напряжения.

Департамент ПС КНБ по Мангистауской области выражает благодарность центру психологической поддержки в лице М.Мустафиной, Б.Аяповой и А.Елгондиевой за сотрудничество и всестороннюю помощь в организации данного мероприятия.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото автора.

Бірліктің бастауы

Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша шекара департаментінің «Тұрсын» шекара бөлімшесі жеке құрамы мен Михайловка жалпы білім беру орта мектебінің оқушылары арасында бірқатар спорттық іс-шаралар өткізілді. Бұл іс-шаралар жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу, ұжымдық рухты нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Ең алдымен, Михайловка мектебінің оқушылары мен Тұрсын шекара бөлімшесінің әскери қызметшілерінің арасында шахмат пен дойбыдан жолдастық турнир өтті. Жарыс барысында қатысушылар өз шеберліктерін көрсетіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алды. Оған 5 мектеп оқушылары және алғашқы дайындық пәнінің мұғалімі қатысты. Жарыс нәтижесінде, шахмат бойынша аға лейтенант Ә. Темірхан, ал дойбыдан лейтенант А.Аятханов жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, үстел теннисі бойынша да тартысты сайыс өтті. Бұл спорт түрінде де шекара қызметінің әскери қызметшілері мен мектеп оқушылары жоғары дайындықтарын көрсетіп жарыстың қызықты әрі достық атмосферада өтуіне ықпал етті.

Ал 2024 жылдың 17 қарашасында бұл бастама, ары қарай Шекара қызметінің әскери қызметшілері мен Михайловка және Веселая Роща ауылдарының командаларымен волейболдан болған жарыспен өз жалғасын тапты. Бұл жарыс ұжымдық жұмыс пен спорттық шеберлікті шыңдауға бағытталып, оған 8



мектеп оқушылары, 8 Михайловка елді мекенінің тұрғындары, 8 Веселая Роща елді мекенінің тұрғындары және 7 «Тұрсын» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілерінің қатысуымен болды. Нәтижесінде, «Тұрсын» шекара бөлімшесінің командасы 1 орынды иеленіп, өздерінің жоғары деңгейдегі шеберліктерін дәлелдеді.

«Аталған іс-шаралардың мәндік және құндылық тұрғыда мағынасы өте зор. Себебі,

жас ұрпаққа патриоттық, моральды-психологиялық тәрбие беру біздің міндетіміз деп түсінемін. Сонымен қатар балалардың денсаулығын, физикалық дайындығын арттыру мақсатында әскери-спорттық және спорттық іс-шараларды көп өткіземіз» – деді өз сөзінде осы шаралардың ұйымдастырушысы «Тұрсын» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лейтенант Архат Аятханов.

Бұл іс-шаралар Михайловка мектебінің оқушыларына ерекше әсер қалдырып, шекарашылармен байланысын нығайта түсті. Ұйымдастырушылар осындай шаралардың жастардың дамуына және олардың бойындағы патриоттық рухты қалыптастыруға ықпал ететінін атап өтті. Спорттық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады деп күтілуде.



Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

OTAN SAQSHYSY
Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63 үй.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_rodina@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Азамат Мұханов, Әсел Беимбетова, Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов

Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасулан Шармаков
Жетісу - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Нұрмет

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердос Қайртай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садыкова

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Аян Қайыр, Әмірбай Айтәлі
Компьютерлік безендіру және беттеуші:
Айдос Қырғызбаев
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Немірдің кезекші редакторлары:
майор Ж.Кемел, аға лейтенант А.Сәбиев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-Г куәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-ЧР" әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы – 2613 дана.
«Имприм» ЖШС баспаханасында басылды.
Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1

Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.